



# ОБЩЕСТВЕННАЯ ПОЗИЦИЯ

Республиканский еженедельник

## Қара тақта



*(Торғай туралы толғау)*

Кеудемде соғып тұрар сәт басылмай,

Мендегі үлкен жүрек –

Ат басындей.

Кестелеп,

Атак-данқын жазып қойған

Торғайым

Мәңгіліктің тақтасындей.

Ұрпағың кенелгенмен бар атаққа,

(Мен өзім малданбаймын марапатқа).

Тақтаға теңегенмен

Торғайымды,

Ол бірақ

Осы күнде –

Кара тақта.

Байлықпен басын байладап осы көптің,

Ұрпағын батырлардың жасық еттің...

Ақыры

Біздің Торғай

Бұл заманда

Айналды тақтасына

Қасіреттің.

Жайылған қолдан құртып малды мына,

Тажалдың тісі тиді

Тал-құмына.

Аспаннан жаңбыр емес,

Ажал жауып,

Айналды

Күл-қоқыстың «қалдығына».

Басынан айтқан сөзін бір асырмай

Барады

Қияметке кім осындай?!

«Қалдық» ол –

Жер астында қордаланған

Қанды қол

Кызылдардың мұрасындай.

Болған соң

Зұлмат заман соры мына,

Торғайым

Барған сайын торығуда...

Қой қора,

Тұрғын үйлер

Тып-типыл боп

Айналды

Ата-баба қорымына.

Айырылып тапа-тал тұс ел есінен,

Тарихтың сырғып тұсті белесінен...

Көк жайлау,

Көгілдір көл

Көзден ұшып,

Келместің кетіп жатыр кемесімен.

Әнші көп, жыршы да көп талай дана,

Әншейін бұлкілдейді көмей ғана...

Бар шығар

Ақкуы да,

Қыраны да,

Торғайлар –

Құс ішінде «өгей бала».

Тал түстө дүшпандарым табалады,

Қай кезде қара тақта ағарады?!

Қона алмай айдынына

Ақку-қаздар

Қанатын қайта-қайта сабалады.

Пәс болды,

Періште еді

Парасатым,

Тұлпардай күпті көңіл таң асатын.

Қайда екен

Құс патшасы,

Қайран дүние,

Қамына торғайлардың қарасатын.

Торғайда

Талып атып

Таңың өзі,

Өзгерді тірі жүрген жан мінезі.

Баяғы

Биік те жоқ,

Киік те жоқ,

Аяғын андалап басар аңың өзі.

Көрген соң киік өлген қырды мына,

Ерігіп жазды деме жырды мына.

Басталған

Ұлытаудан

Ұлы өзендер –

Ақырын құйып жатыр құрдымына...

Әулием –

Марал ишан,

Пір Бекеттей,

Соларды тұра алмаймын құрмет етпей.

Тәбемде құйқылжыған ракеталар

Көзіме көрінеді «рэкеттей».

Тұсіндік

Дүниенің жалғанын біз,

Жалғанда жалтақтаймыз қалғанымыз.

Апыр-ай,

Ұлт болды-ау

Жерді жалдаپ,

Ақшаға

Ажал сатып алғанымыз.

Аспаннан қасірет бұлты жауып жатыр,

(Себепсіз соқпайды екен дауыл да құр...)

Іздеген «рахатын» о дүниеден

Талайлар

Мәңгілігін тауып жатыр.

Айырылды –

Ер – жүректен,

Ат – басынан.

Ұшқан соң енді қайтсін бақ басынан.

... Ұрпағым

Тарихымды тауып алар,

Тұбінде

Қасіреттің тақтасынан!

**PS:**

Қанатына оқ тисе де –

Қыраны,

От боп жанған

Жанарының шырағы.

... Біздің Торғай

Қандай заман болса да,

Кара тақта

Ақтандақтан тұрады!

**Серік ТҮРҒЫНБЕКҰЛЫ**